

**8D013 - пәндік арнайы мамандандырусыз педагогтарды
даярлау бағыты бойынша
(6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы)
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Жияшева Жанар Шораевнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін
оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе бағдарламаның нысаналы аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алуымен сипатталады.</p> <p>Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауында: «Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек» - деп атап көрсетуі ЖОО-ның тұрақты дамуына септігін тигізері анық.</p> <p>Ж.Ш. Жияшеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлесін қосып, білім

			<p>беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p><i>Біріншіден,</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы теориялық талдауларда, әдіснамалық тұғырларды түзуде ашылған.</p> <p><i>Екіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесін дайындау бойынша елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы жүйе құраушы компоненттерді біріктіруде ашылған.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер мен жоғары, орта, төмен деңгейлерін анықтаумен ашылған.</p> <p><i>Төртіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі: «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы, «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құралдың әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосады, оның практикалық маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Докторант Ж.Ш.Жияшева диссертациялық жұмысында өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәліметтер қорын кең талдауда тұжырымдар беруді көздеген. Диссертацияның өн бойындағы түзілген ақпараттар дербес, әрі түсінікті, логикалық құрылымды ұстанған. Ж.Ш.Жияшева диссертацияны өзі жазу деңгейі бойынша жеке ғылыми стилінің</p>

			жоғары екендігін байқауға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауға қоғамның жедел сұранысы мен практикада оның жүзеге асырылмағандығының және АКТ мүмкіндіктерінің кеңдігі мен олардың теориялық, әдістемелік негіздерінің зерттелу қажеттігі арасында, жоғары оқу орнының оқыту үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасындағы карама-қайшылықтарды шешуге, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін дайындауға негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаумен; оның әдістемелік жүйесін жасаумен; құрылымдық-мазмұндық моделін дайындаумен; әдістемесін әзірлеумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан. ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған</p>

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок</p>	<p>нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысында зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады. Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалғандықтан толығымен жаңа болып табылады. Екінші ғылыми нәтижеге жетуде – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік негізі анықталып, жүйеленген және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік тұрғыдан негізделуі – екінші нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынына дәлел. Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері мен деңгейлерінің анықталғандығы - үшінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді. Төртіншіден, докторант болашақ</p>

			<p>бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың тың әдістемесін жасағандықтан толығымен жаңа ғылыми нәтижеге қол жеткізді деп айтуға болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары зерттеу жұмысының бастау көздері болып табылатын ақпараттық-коммуникациялық теория, педагогика мен психологиялық ілім, дидактиканың заңдылықтарын заманауи жоғары білім берумен тікелей байланыста қарастыруда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемесі нақты теориялық тұрғыда жүйеленген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау қажеттілігін заман талабы тұрғысынан анықтап, осы бағыттағы қазақстандық және шетелдік тәжірибелердің, педагогикалық-психологиялық, әлеуметтану бағытындағы теориялық зерттеулердің игі нәтижелерін терең талдаудан өткізу арқылы отандық білім беру жүйесінде оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау құзыреттілігі анықталды. Жалпы жұмыстың жүргізілуі жүйелі <i>әрі толығымен жаңа</i>.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың ғылыми-тәжірибелік негізі жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмыс барысында алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-

		(qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертант Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған төрт қағидатты айтуға болады:</p> <p>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау арқылы студенттің бойындағы кәсіби-шығармашылық потенциалын, білімдік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, инновациялық жобалар жасауға, дербес жоба әзірлеу барысында проблемалық тұрғыдан қарауға дағдыланады. Өйткені ақпараттық білім ортасы – көп өлшемді, өзіндік ұйымдасу қасиеті болатын, студенттің болашақ маман ретінде танымдық, кәсіби, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына тірек болатын ерекше білімдік орта болып табылады. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау үдерісі мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық құрамдас бөліктерінің бірлігі, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштері қарастырылып, дәлелденген; тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы орташа және бір мақалада (Ақпараттық қоғамдағы білім беру жүйесін жетілдірудің қазіргі заманғы үрдістері // «Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар»: Еуразиялық педагогикалық университеттер қауымдастығының Халықаралық форумының материалдары. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – Б 154-158.) дәлелденген.</p> <p>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау мынадай шарттарды</p>

		<p>сактаумен камтамасыздандырылады: болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау үдерісінде субъектілік ұстанымын калыптастыру; болашақ маманды дербес жоба әзірлеуге белсенді қатыстыру; жағымды ақпараттық білім ортасы мен психологиялық климат құру; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауда тиімді формалар мен әдістерді, технологияларды белсенді пайдалану; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауын есепке алу қағидаты дәлелденген; тривиалды емес, жаңа. алдағы уақытта қолданылу ауқымы орташа және бір мақалада («Болашақ маманның ақпараттық білім ортасы моделін іске асырудың әдістемелік ерекшеліктері» «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. №10/1(141) 2020 – Б. 132-136) дәлелденген.</p> <p>– болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы – білім алушылардың өз әрекетін ұйымдастырушылық-педагогикалық тұрғыдан басқарып, сапалы білім алуына ықпалын тигізетін, өзара байланысқан құрылымды білдіретін ақпараттық білім беру кеңістігі нақтыланғаны дәлелденген; тривиалды емес, жаңа. алдағы уақытта қолданылу ауқымы орташа және екі мақалада (Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психодидактикалық аспектілері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. №6/2 2020 – Б. 194-198.</p> <p>Teachers' Views on the Use of Information and Communication Technologies (ICT) in Education Environments // International Journal of Emerging Technologies in Learning (IJET) Vol. 16, No. 03, 2021 Pages 261-273.) дәлелденген.</p>
--	--	--

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертант Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысында теориялық-әдіснамалық жағынан жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, ақпараттық тұғырлар басшылыққа алуымен негізделеді. Диссертант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде білім берудің үздіксіздігі қағидасы, ізгілік қағидасы, интеграция қағидасы, ашықтық қағидасы, ақпараттық мәдениет қағидасы, білім берудің іргелілігі мен тұтастығы қағидаларын басшылыққа алады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертант болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың мақсатын, болжамын мен міндеттерін шешу үшін алынған диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Контент-талдау, тұжырымдау, кластерлік құрылымдау, салыстыру, педагогикалық диагностика, педагогикалық модельдеу; зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Ж.Ш. Жияшеваның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау» атты диссертациясындағы эксперименттік-тәжірибе жұмыстарына 140 студент қатысты: эксперименттік топта «6В01301 – Бастауыш білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» мамандығының 72 студенті (Абай атындағы ҚазҰПУ-нен), ал бақылау тобына «6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 68 студенті (М.Әуезов атындағы ОҚУ) қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және

			<p>практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқа да ғылыми басылымдарда жарияланған. Scopus деректер қорына енетін ғылыми журналдарда – 1; сондай-ақ 3 мақала ҚР БЖҒМ жанындағы Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 3 мақала жарық көрген.</p>
		8.3 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	<p>Ақпараттық білім ортасын жобалауға қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектер, ҚР БЖҒМ ресми құжаттары, алыс-жақын шетелдік ғалымдар жетістіктері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 189 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ: – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған және оның теориялық маңызы бар; – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік негізі анықталып, жүйеленген, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемелік тұрғыдан негізделген, оның теориялық маңызы бар; – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға</p>

			<p>даярлау әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталған, оның теориялық маңызы бар.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> – «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілген; – «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құрал дайындалған; <p>Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, яғни алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Практикалық ұсыныстар:</p> <p>«Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты арнайы курсты ЖОО-ның оқу үдерісіне енгізу ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>ЖОО-да Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауға байланысты АБО құруда портал жұмыстарын ұйымдастыру деп қойылған ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына түлек атрибуттарын құрауда негізге алынса деп берілген ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазу түрі – диссертация. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді орнымен қолданған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмысқа ұсыныс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық талдауларда ақпараттық саладағы еңбектерді талдауды аша түсу керек еді.

			Дегенмен, берілген ұсыныс диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді. Бұл болашақ еншісінде қарастырылады деп ойлаймыз.
--	--	--	---

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Жияшева Жанар Шораевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру.

Ресми рецензент,

Павлодар педагогикалық университеті

Педагогика жоғары мектебінің доценті,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»

білім бағдарламасының жетекшісі



Жапарова Бағлан Мағауқызы

